

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1773>

***А. А. Туймебекова¹, А. Б. Салқынбай²**

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9642-4048>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2334-7499>

*email: atuymebekova@mail.ru

ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ «БАТЫРЛЫҚҚА» ҚАТЫСТЫ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Бұл мақалада тілдік тұлғаның әлемді танып, когнитивті, мәдени, концептуалды ортадан «батырлық» концептіні қалыптастыруы қарастырылады. Мақаланың мақсаты – Б. Момышұлының шығармашылығынан «батырлық» концептінің репрезентациясын және батырлық ұғымы арқылы әлемді әсеке тұлғаның когнитивті тұрғыда тануын анықтау болып табылады. Мақалада «батырлық» концептіні қалыптастырудағы автордың дүниетанымындағы ұлттық, когнитивтік, мәдени элементтер ашылады. Сондай-ақ әлемнің тілдік бейнесін анықтаудағы Б. Момышұлы танымының шығармашылығында арқау болған ғылыми, әскери, психологиялық ұғымдарға талдау жасалады. Мақаланың өзіндік ерекшелігі – бұрынсоңды талданбаған Б. Момышұлының тұлғалық танымы тілдік бірліктердің көркем мәтіндегі ұлттық, мәдени бейнесі арқылы лингвистикалық тұрғыдан талданады. Б. Момышұлының ойлау мүмкіндігін анықтау үшін батырдың өскен ортасы, басынан кешкен өмір жолы қарастырылады. Білім мен шындық әлем туралы ақпарат беретін категоризациялаудың негізгі формасы болып табылады. Концепт лингвомәдениеттануда ментальды білім, ұлттық бояуы бар образдық, бағалық, ұғымдық мәні бар тілдік тәсілмен беріледі. Концептілердің барлығы зат есімдермен берілетіні байқалды. Қарастырылып отырған «батырлық» концепті адамнан рухани және физикалық күшті талап ететін, ерлік пен батылдықты көрсететін батырлық лексемасымен беріледі. Зерттеу нәтижесінде Б. Момышұлының тілдік когнитивтік-ассоциациялық және когнитивті-эстетикалық, прагматилистикалық интенциялары анықталды. Зерттеу қорытындысында Батырдың өзіндік

әлемінің тілдік бейнесін жасаудағы сөз саптауынан ұлттық нақышты, мінезді, тұлғаға тән даралықты таптық. «Батырлық» концептісі отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерімен салыстырылып, Б. Момышұлы шығармашылығындағы «батырлық» концепті халқымыздың мәні мен мұраты ретінде дәлелденеді.

Кілтімі сөздер: концепт, тұлға, батырлық, интенция, репрезентация, когнитивтілік, гештальт, фрейм.

Кіріспе

Тіл – адамның өмірі мен өткенінен хабар береді. Тіл арқылы біздің өмір тарихымыздан ақпарат тарайды. XX ғ. екінші жартысынан тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы қарым-қатынас құралы – тіл екендігі баса айтылды. Тілдік тұлғаның сөздік құрылымы оның жеке коммуникативтік мақсаты арқылы адресатқа әсер етуі тұрғысынан зерттелуі қажет. Тұлғаның эмоциясы мен ойы, ойлау қабілеті, сөз құрауы әлеуметтік мәселелерге, қоршаған әлеміне, психологиялық қасиеттерімен байланыста қаралады. Ақын-жазушы, жалпы жеке адам, қоғамдағы өзгерістер мен қозғалыстарға өз көзқарасын білдіреді. Қоғамда болып жатқан оқиғаларға «мендік» тұрғыдан баға береді. Осылайша, батырдың ойының көрінісі, ойлауы арқылы жеке бағыты қалыптасады. Қоғам өміріндегі әділетсіздіктерден туған ақпаратты ассоциациялап жеткізеді. Ассоциацияланған ойдың ұлттық келбеті де болады. Батырдың ойлау тұлғасы жеке қасиеттерін, даралық ерекшеліктерін көрсетеді. Атап айтқанда, Б. Момышұлы шығармашылығынан тілдік бірліктердің таңдалынуы, оның ойлауын, психологиялық ерекшелігін, интеллектуалдық қабілетін көрсетеді. Б. Момышұлының соғыстан соң бейбіт өмірде қоғамның бейнесіне баға берушілік тілдік лексемаларының көтеріп тұрған жүгін айқындаймыз. Б. Момышұлының өткен тарихтан алған көзқарасынан қазіргі дүниетанымына сай баға беруін батыр туралы естеліктерден анықтаймыз.

Б. Момышұлының соғыста батырлығын талай мәрте дәлелдесе де, Совет Одағының Батыры атағы берілмеді. Соғыстан соң соғыста жеткен жетістігіне сай мәртебе көрмеуі бар, осының барлығы жұмыр басты пенденің психологиялық жай-күйіне әсер еткен. Осыған сай тілдік тұлғаның тіліндегі когнитивтік-ассоциациялық, когнитивтік-эстетикалық, прагмастилистикалық интенциялары қалыптасты.

Материалдар мен әдістері

Біздің зерттеу еңбегімізде батырлық концепті мен концептосфера туралы ғылыми еңбектер сараланды. Шетелдік ғалымдар Зено Е. Франко, Эрик Р. Игу, Скотт Т. Эллисон, Брайн З. Ричес еңбектеріндегі батырлықтың қандай жағдайда туындайтыны түсіндірілсе, В.фон Гумбольдт еңбектері

мен орыс ғалымдары С. А. Аскольдов, М. В. Пименевалардың пікірлері сапалық зерттеу концепциялары мен пікірлерді жинақтау мен талдау үшін қажет болды. Отандық ғалымдардан концепт мәселесін зерттеген З. Ахметжанова, А. Е. Абдрахманова, тілдің функционалды прагматикалық аспектілерін талдаған Л. Ж. Заурбекова еңбектері қарастырылды. Тілдік тұлға туралы зерттеу жүргізген Ю. Н. Караулов, В. И. Карасик және Л. Еспекова, А. Алдашева еңбектерінен тілдік тұлғаның өзіндік сөз таңдауы, окказионал сөздер туралы зерттеулер Б. Момышұлы шығармашылығымен байланысты тұңғыш рет қаралды және біздің зерттеуімізде салыстырулар мен талдаулар, түсіндірулер жасалды. Батырдың досы Д. Снегиннің көзқарасы да нарративті талдауға негіз болып, өзіндік көзқарасы жұмысымызға өзек болып отырған Б. Момышұлының тұлғалық болмысы мен әлемнің концептуалдық бейнесін танудағы көзқарасы сараланды. Яғни интерпретативті парадигма тұрғысынан шығармашылық иесінің өмірлік тәжірибесі талданды. Жеке адамның өмір тәжірибесі оның тілдік табиғатына әсер ететіндігі анықталды. Жалпы Б. Момышұлы шығармаларындағы батырлыққа үндейтін Отан қорғау, ар-ұят мәселелері қазақ халқының табиғатында бар екендігі баса айтылды. Зерттеуде хронологиялық әдіс, яғни батырлық концептінің тұжырымдық дамуы мен қалыптасуы реттік кезеңдермен қарастырылды. Сондай-ақ сипаттамалы-аналитикалық, семантика-когнитивті талдау (зерттеу мәселесіне сәйкес және дефинициялық талдау) жасалынды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Әлемнің концептуалды бейнесі – шынайы өмірдің бүтін бейнесі және адамның өмірінде басты рөл атқарады. Әлемнің концептуалды бейнесі сыртқы әлем туралы және эмоционалды көзқарас тұрғысынан құндылыққа ие. Аксиологиялық модель жеке адамның ойлау қызметімен байланысты. Әлемнің концептуалды бейнесі өзгермелі. Тілдегі ұғымдық категориялар тілден тыс факторлар негізінде өзгереді. Әлемнің тілдік бейнесін концептуалды мазмұнға ие концептілер құрайды. Концептілердің тілдік репрезентациясын концептуалдық тілдік формасы береді. Адам сыртқы әлемді интерпретациялап, вербальды тұжырым жасайды. Әр халықтың әлемді тануында ұлттық ерекшелік болады. Оны жарыққа шығарушы сол халықтың өкілі болады. Концептің ұлттық, мәдени ерекшелігін осы негізден іздейміз. Тіл біліміндегі антропоэкетілік концепт терминінің дамуына жол салды. Концепт терминінің тууы мен дамуына, түрленуіне атсалысқан С. А. Аскольдов [1, 37-б], халықтың мәдениетімен қалыптасатындығын, белгілі бір ядросы бар, перифериялық шекаралары болатындығын В. А. Маслова, Бабенко, З. Д. Попова айтты. Лингвомәдениеттанымның негізгі тарамдары тілдік тұлға мен концепт»[2, 15-б.] деп атап өтті. Ғалымдар арасында концепт туралы жүйелі пікір әлі де жоқ. Концептінің

түрлері де өте көп. Концепт туралы зерттеуде екі түрлі бағыт бар: лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттану. Лингвокогнитивтік бағыттағылар ұлттық концептосфераны анықтайтын лингвистикалық бірліктерді қарастырады. Концептіні лингвомәдениеттану бағытта зерттеген қазақ ғалымы [3,148-б.] тілдің ділдік қорына жататын концептілерді концептуалды жүйе деп атайды.

«Концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық мәдени ақпараттарды да білдіреді» [4, 39-44-б.] – деп зерттейді. Концепте адамның психологиялық жай-күйі, халықтық танымы, мәдени тұрғыдан ақпараттарды береді.Тіл өзінің алғашқы білімі негізінде қалыптасқан сөздерді сақтай алады. «Тіл қолданушы өз танымында жарақтап, қайта шығарады» [5]. Жазушы өз өмір тарихында басынан өткерген оқиғалар мен құбылыстарға сай ой-қорытындысын шығарады. XX ғасырда мәдени, тілдік мәселесін көтерген Б. Момышұлының тұлғалық болмысының ұлттық сипаты туралы айтар болсақ, тілдің ұлттық әртүрлілігі туралы неміс ғалымы В. фон Гумбольдт тілдердің әртүрлілігі бір заттың әртүрлі ағауы ғана емес, оның әртүрлі көріністері [6, 396-б.] – деп тұжырымдауымен жалғастырамыз. Осыдан барып тілдің ұлттық сипаты анықталады. Яғни тіл – ойды туғызушы тетік, сондықтан сөз заттың тура таңбасы емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық үдеріс нәтижесінде туған бейнесі деп қарады. Орыс лингвисті Ю. Н. Караулов тілдік тұлғаны былайша тұжырымдайды : «Өз ойын айтуда мақсат қойып бағыттап, шындықты жеткізуде тілдік құрылымды пайдалануда күрделі жолдан өтіп , нақты бейнелеп, жеткізумен қатар қабылдай алу шеберлігі бар тұлға» [7, 264-б.]. Тілдік тұлға деп отырғанамыз тілді тасымалдаушы адам. XX ғ. сұрапыл отты жылдарында соғыс майданында шыңдалған Б. Момышұлын тұлға ретінде, әдеби кейіпкер, көркем шығармашылық иесі ретінде таныдық. Енді біздің міндетіміз, Б. Момышұлын толғандырған, оны тұлға ретінде қалыптастырған факторлар қандай еді? – деген сұрауларға жауап іздейміз. Тілдік тұлға ретінде белгілі бір дәуірде өмір сүріп өз ойынан, өмір тәжірибесінен өткен оқиға, жан тебіренер психологиялық жай-күйлер оның шешен де өткір сөз қолданбасына мүмкіншілік бермеді. Баукеңнің сөз саптауында оның өткен жолы, тәлім алған отбасы, ортасы, тіпті аралас-құрдас қатарластарының да көрінісі бар. Осы тілдік тұлға иесі болуына қандай факторлар қажет деген сұрауға лингвист Ю. Н. Караулов былай дейді: « Біріншіден, вербальды-семантикалық, оның бірлігі – сөз, яғни түсініп, тұшынып өз қабылдауынан өткізіп, ол ойлардың жиынтығынан бір-бір сөздің пайда болуы, екіншіден, лингвокогнитивті, яғни әлемді танудағы сөйлеушінің мәнерлі, қанатты сөзге құндылық бере ойын жеткізуі» [7, 264-б.]. Б. Момышұлы тіліне когнитивтік талдау жасау арқылы тілдік тұлғаның санасындағы әлем бейнесін, қоршаған

ортаны тануға болады. Тіл табиғаты тілдік тұлғаның табиғатымен үндеседі. Б. Момышұлы тілінен оның дүниетанымын жинақтадық: туған жер, ата-ана, бауыр; әдет-ғұрып, салт-дәстүр; батырлар, билер; ауыл аналары; өкілдер, ұстаздар. Халкының мінезіне, тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне баға береді. Қазақ егер жалқау болса, осыншама тамақтың түрін, кәсіптің түрін менгерер ме еді? Осы тұста – оттауизм деген сөзді қолданады. Ұлттық тіліміздің дүниетанымдық тұрғыдан лексикасын таным тұрғысынан қарастырады. Әр халық өзінің жағдаятына, салтына, әдебіне, психологиясына, діліне байланысты әлемді таниды. Тілдік тұлға көркем мәтіннің иесі, осы тұста авторлық «мені» арқылы түрлі бағалау лексикасы да қолданылуы мүмкін. Автор өз позициясын көрсету үшін эксплицитті және имплицитті мәтіндерді қолданады. Эксплицитті оқырманынан ешнәрсені жасырмай баяндаса, имплицитті ойын астарлап береді. Олар тұрақты тіркестер мен окказионалды сөздер де болуы мүмкін. Яғни тілде қолданылмайтын, көпшілікке таныс емес сөздер. И. С. Ожегов сөздігінде окказионализмге мынадай анықтама берілген: «окказиональный», -ая, -ое; случайный, единичный. Окказиональные слова (индивидуальные неологизмы)» [8, 447-б.]. Окказионал сөздер туралы зерттеушілер А.Алдашева: «Окказионалдар тобына авторы белгілі, жасалуы жағынан тосын, өзгеше контексте образдылық – көркемдеуіш қызмет атқаратын лексикалық бірліктерді жатқызамыз» [9, 82-б.] – деп жазды. Ғалым Л. Еспекова: «Белгілі бір қаламгерге тән, тосыннан пайда болатын, тілдің сөз тудыру тәсілдеріне сәйкес те, сәйкессіз де жасалатын, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын, әдеби тілімізге, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, үнемі жаңашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленетін бір қолданар сөздер» [10, 32-б.] деген анықтама береді. Окказионализмдерді ғалымдар түрліше атайды: авторлық неологизмдер, поэтикалық неологизмдер, стилистикалық мәтіндегі неологизмдер, экспромт – сөздер, метеор сөздер, жеке стилистикалық неологизмдер, эгологизм. Бұл туралы 1921ж Ш. Балли, одан соң Г. Винокур, А. Смирницкийлер окказионал және потенциал сөздер деп атады. Ғалым Р. Сыздықова, Г. Мұратова, Л. Еспекова да потенциал сөз деп тапты. Окказионал сөздер адамның сөйлеу актісіндегі интенциясына байланысты қалыптасады. Б. Момышұлы сөздік қорында «оттауизм», «брак», «дурак», «кидиот» деген сөздерді көп қолданған. Ол бұл сөздерді қоғамдағы өзі келіспейтін жағдайларға байланысты қолданған. Кейбір сөздердің қазақша баламасы бола тұра, неге орыс тілді сөздерге бой алдырады? Біздің ойымызша, тұлғаның қысқа да нұсқа жауап қайтару ниетінен туған деп санаймыз. Әрбір сөздің артында түсіндіруді қажет ететін дүние бар. Бірақ автор осы келіспеушілігімен ақты ақ, қараны қара деп бағалайтын әділ бағасын береді. Бұл жөнінде орыс ғалымы С. Г. Воркачев «Тілді ұлттық тұрғыдан жеке тұлғаның концептуализациялауынан туған» [11, 67-б.] – дейді.

Б. Момышұлы танымындағы тілдік интенция туралы айтып өтпеу мүмкін емес. Профессор Д. Әлкебаеваның айтуынша, «Тілдік сана жеке тұлғаның ұлттық санасындағы ана сүтімен бойына дарыған табиғат сыйы» [12,130-б.] Б. Момышұлы интенциясы – қоршаған әлемді түйсінуді, қабылдауы, ойлау даралығы мен автор үшін негізгі мәселелерді оқырманына жеткізу амалдары. Көркем шығармадағы автордың айтар ойын түсіну үшін адресанттың талдауы қажет. «Мысалы Б.Момышұлы шығармашылығымен танысқан бір оқырман жазушы деп білсе, келесі бір оқырман оны психолог, философ деп тануы мүмкін. Ал басқа оқырманның түйсік көзі Б. Момышұлын мықты қолбасшы етіп көреді» [13,53-б] – дейді ғалым Л. Заурбекова. Жазушы қолданған әрбір сөз шеберлікпен құралған.

Ғалым Заурбекованың ойынша, «Шынайы өмірден алынған деректер санада концепт, фрейм, скрипт, сценарий, пропозиция, образ т.б. когнитивті құрылымдар арқылы репрезентацияланады» [13,46-б.]. Автор неғұрлым бай тәжірибелі өмірді басынан өткерсе, соғұрлым концепті де күрделі болады. Концептінің шегі тіл мен ойлау арқылы шектеседі. Автор мәдениеті мен тәліміне байланысты концептінің өрісі кең. Концептілерді зерттеушілер этнолингвистикалық, когнитологиялық, лингвомәдениеттану т.б. тіл білімінің салалары тұрғысынан қарастырған. Шынайы өмірдің бейнесін беретін фреймдер туралы түрлі көзқарастар болды. Көзқарастардың түрліше тұжырымдалуына себеп, мәтіндегі түрлі адресатқа бағытталған адресанттың интенциясына байланысты болып келеді. Концепт когнитивті тұрғыда бірнеше ұғымдар мен ой бейнелері деуге болады. Тіл сырттан ақпараттарды қабылдап қана қоймай, сыртқа ұғым-түсініктерді жеткізіп қана қоймай, ақпаратты өңдейді, фреймдерді құрайды. Тілдің ұлттық, этномәдени сипаты жадыда қалыптасады. Тіл көмегімен құрылған концептологиялық құрылымдар жеке адамның тәжірибесіне яғни қолдануына байланысты қалыптасады. Концептуалды жүйе- дүние, әлемге байланысты адам тәжірибелерін бейнелейтін жүйе. Адамның танымдық қызметінен когниция түзіліп, когнициядан сәйкестендіру, ұқсастыру, ажырату туады. Когницияның түрлерінен білім, парасат, концептуализация, репрезентация, категоризация, менталдылық, ойлау, түйсінуді, сәйкестендіру, қиялдау, елестету сияқты танымдық үдерістерді жатқызамыз. Концептуалды бейнелеуде көптеген әлеуметтік факторлар көрініс табады. Тіл, дәстүр, табиғат, тәрбие, оқу, дәуір, жасы, әлеуметтік дәрежесі т.б. «Ар – парыздың бақылаушысы» деген мысалда Б. Момышұлы үшін осындай бағаға ие. Мұндағы мағына коннотациялық мәнде, яғни таным негізінде пайда болған эмоциялық, бағалаушылық, ассоциативтік, стилистикалық бірліктер. Б. Момышұлы шығармаларындағы мақал-мәтелдердің берілуі, мақалды өзі танымы арқылы жұмсайды. Соғысқа қатысқан жауынгерлердің ерлігіне, әрекетіне баға ретінде әрі ерлікке шақырған демеу

сөзі ретінде қолданады. Б. Момышұлының ерекшелігі «Соғыс психологиясы» еңбегіндегі фреймдер әскери терминдермен жеке-жеке беріліп, соғыс тактикасы мен стратегиясына қажет негізгі және қосымша түйіндер мен терминалдардан тұрады. Тактика, оперативтік өнер, стратегия, ұрыс, шайқас, операция атаулары – әскери өнер фреймін береді. Ерлік концептісінің фреймі – батырлық. Ерлік тек соғыста ғана емес, қандай жағдайда болсын, азаматтық парызынды орындау үшін адамгершілік, теңдікте өз-өзімен күресе отырып, опасыздық, маскара болу, ұятқа қалудан қорғайсын. Ерлік бейнесін толықтыратын схемаға қажет парыз – қорқыныш – өзін-өзі сақтау инстинкті – тәуекел – батылдық – ерлік – ептілік – көзсіз батырлыққа бастайды. Осы схеманың құрылуымен ұрыс сценарийі шығады. Осы сценарийден ерлік шығады. Ұрыс деп аталатын үлкен гештальт – концептуалды құрылымға әкеледі. Кейде гештальт беймәлім дүниеден хабар беруі де мүмкін. Мысалы, ұрыс десе, біздің көз алдымызға фильмде көріп жүргендей екі тараптың бір-бірімен соғысуы, біреуінің жеңіске жетуі, трагедиялық суреттер де жағталып қалуы мүмкін. Тек сол бейнелер ғана абстракцияланады. Кейде ұрыс гештальты туралы толық мағыналы бейне, үлкен картина елестеуі мүмкін. Ол картина егер адам санасынан өтсе, оған таныс болса, баға берілсе, концептуалданады. Б. Момышұлының ұрыс гештальты толық мағыналы үлкен алапат соғыс. Соғысты басынан өткерген адамның сезімі мен танымынан өткен әрекеттерді батырлық фреймі құрайды. «Соғыс психологиясы» еңбегінің бұлай аталуында да мән бар. Себебі психология адамға ғана тән дүние емес, соғысты да басқару, яғни психологиялық басқару қажет деген ой түйіндеген. Шығармада қолданылатын психологиялық терминдердің барлығына – ақыл, сезім, ерік-жігер, жоғары сезімдер, төменгі сезімдер, өзін-өзі сақтау инстинкті, қорқыныш туралы талдау жасайды.

Адам өз өмір тәжірибесінде абстрактылы атауларға ат береді. Атауларға тән алғашқы семантикалық нақты (денотаттық) мағына жеке тілдік тұлғаның қолданысында қосымша (коннататтық) мағынаға ие болады. Б. Момышұлы интенциясы сонымен қатар көптеген өмір тәжірибесін қорытқан, сөз саптаулары даналыққа толы, мақал-мәтел құрылымы сияқты парасатты болып келеді. «Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра» деген мақалды әрқашан айтып отырған. Б. Момышұлының жекелеген сөздерге тоқталуында тілдік сөз саптауына ұлттық орта, сөздік қолданыстар әсер еткен деп топшылаймыз. Себебі туған тілінен жеке адам бөлек өмір сүре алмаса, Батыр да өз топырағынан, туып-өскен ұлтының күнделікті сөз қолданысынан бөлек кете алмауы айдан анық. Жеке адам қоғамның дамуында әртүрлі сәтті басынан кешіреді. Өмір жолы оны шындап, айналасын көріп рухани, мәдени деңгейі өседі. Б. Момышұлы соғыстан келгенде өз сөзінде былай дейді: «Даналық өткеннің тәжірибесін қорытатын, қазіргі жағдайды зерделі талдайтын және болашақты көре білетін творчестволық ойдың қаймағынан тұрады» [14,62-б.].

Батырдың әрбір сөзі ұлттық қойнауудан шыққан тілдік тұлғаның танымдық сипаты. «Батырлық» концептісі қай ұлт болмасын барлық адамзатқа ортақ концепт, алайда Б.Момышұлы танымында оған ұлттық сипат беріле талданады. «Батылдық пен қорқақтық – бұл қорқыныштың парызбен күресінің нәтижесі. Қорқыныш бар, бірақ оны жеңуге болады. Үрейлену деген ұғым, сондай-ақ шамалы және қатты қорқу сезімі бар. Қорқынышты жалпы мәжбүр ету жолымен жеңуге болады» [14,98-б.]. Батыр қорқыныштың барлық адам бойында бар екендігін дәлелдейді, алайда оны жеңе білу керектігін де айтады. Мысалы, бейбіт күнде адам өлтірсе, жазаланады, ал соғыста да адам өліп жатыр, оның жазасы не? деген сұраққа жауап айтады. Соғыста жауынгер өз өміріне қауіп төнгендіктен өлтіріп отыр, егер сен өлтірмесең, ол сені өлтіреді дегенді айтады. «Әңгіме мынада, бұл өзін-өзі сақтау инстинктінің екі жағы бар: біріншісі – адам өзін-өзі сақтау үшін қашады, екіншісі – адам осындай мақсатпен шабуыл жасап, қорғанады» [14, 102-б.]. Батыс зерттеушілері: «Батырлықты жасауға адам даяр» [15,106-б.]. «Адам өз орнын түсіне білу керек» [16, 1302-б.]. «Батырлықты тану мен сипаттау адамның табиғатты, батырлық феноменінің көлемін табуға жетелейді» [17, 71-б.]. Енді бірде «Батырлықты жасауға үйрету, бала өміріне қауіп төндіруі мүмкін» [18]. Оррин Клапп 1954 ж. өз диссертациясында батырлықтың моделін жасаған: жеңіске жетуші, биліктің жеңілмейтін өкілі, қиындықтан алдап жол табар адам, кек алушы, азат етуші, халық қамқоршысы [19,99-б.]. Осы тұста Шепеланың 1999 ж. айтқан мына пікірін келтіре кеткен дұрыс санаймыз.»Батырлық жасау–біреудің айтқанымен емес, адамның жағдайдан шыға білуі, терең тәртібінен» [19]. Игли, Беккер, Шепела 1999 ж. фундаментальды тұжырым жасайды: «Адам мейлі соғыста болсын, мейлі бейбіт күнде болсын, барлығында батырлық идеал жатады» [19]. Қорыта келе айтарымыз, батырлықты даярлықпен жасамайды, оған белгілі бір орын, мейлі соғыс, мейлі бейбіт күнде болсын, ол адамның ішкі даярлығынан, ар, намысы мен адалдығы, жанашырлығы сияқты асыл қасиеттерден көрінеді. Б.Момышұлы шығармашылығындағы негізгі батырлықтың Отан қорғау жолындағы борыш, ар-намыс, парыз жолындағы әрекетіне командирдің әскери тәрбиесі қосылып, ерлік істерге бастайды.

«Соғыс біздің халықтарымызға өздерінің арасынан ұлттық қолбасшыларын шығаруға көмектесті. Жуков, Баграмян, Ковпак, Пономаренко» дегенде Д. Снегин – Сен ше? [20, 140-б.] – дейді. «Иә, қазақ халқы мені шыңдап шығарды. Мен Әскери Министрлікті азаматтық және кәсіптік жауапкершілікпен басқаруға дайын едім. Мен өзімнің қарулы күштеріме халқымның көшпелі өмір жолдарында, әсіресе отырықшы тіршілік дәуірінде қалыптастырып, байғытып, жоғалтып алған қасиетті қаһармандық сезімдерін дарытқым келіп еді» [20, 144-б.] – дейді.

Б. Момышұлының арманы – ұлттық әскерді құрып, жастарды батырлық дәстүр мен азаматтық парыз бен борышқа сай тәрбиелейтін қорғаныс министрлігін құру идеясы орындалғанда, қазір әскердегі тәртіп пен тәрбиені бір жолға салып кетер ме еді? Әскери тәрбиедегі олқылықтар болмас па еді деген ой тұрады.

Қорытынды

Тіл – адамның өмірі мен өткенінен хабар береді. Тіл арқылы күйініш-сүйінішін шығарады. Б. Момышұлын батырлықпен байланыстырамыз. Себебі оның өмір жолы, өмір тануы, әлемді тануына тіл, дәстүр, табиғат, тәрбие, соғыстағы ерлігі және бейбіт өмірдегі жазушылығы арқау болды. Түйіндей келе, Д. Снегиннің «Арысым еді-ау, Бауыржан» естелігіндегі Б. Момышұлының батырлық тұлғасын анықтайтын мысалдар талданды. Сонымен қатар Батырдың «Қанмен жазылған кітап» еңбегіндегі «Соғыс психологиясы» атты дәрістерден құралған әскери еңбегі қарастырылды. Қазақ ғалымдары мен шетелдік ғалымдардың зерттеу нысаны болған әлемдік батырлық туралы пікірлер салыстырылды. Б. Момышұлының тұлғалық сөз саптауы мен тілдік ерекшелігі сөз болды. Батырдың ұлт жанашыры ретіндегі тұлғасынан әлемнің тілдік бейнесін көрсетер концептілік тұжырымдар жасалды. Ұлы Отан соғысы кезіндегі адам мен оның тағдыры, тілдік бейне құрастырудағы тұлғаның сан қилы тартысты пікірлері қарастырылды. Жарты ғасыр бұрын дабыл ретінде көтерілген ұлттық әскер мен тіл мәселесі, тарих пен батырлыққа жетелейтін концептілік мәнге ие тілдік құрылымдар сараланды. Батырдың арманы – даланың қаһармандық рухында тәрбиелейтін ұрпақ тәрбиелегісі келді. Соғыстағы қорқынышты жеңіп, мәңгілікке тазарып шыққандығын айтты. Соғыста болсын, бейбіт өмірде болсын ар-ұяттан айырылмау, опасыздық жасамау, ұрпағынды дұрыс тәрбиелеу мәселесі күн тәртібінен түспеген.

Қазіргі тіл біліміндегі тіл мен мәдениеттің, тілді қолданушы жеке тұлғаның байланысы қарастырылды. Тіл мен мәдениеттің байланысынан халықтың мәдениетінің тілмен кодталатыны қаралды. Лингвомәдениеттанудың категорияларының бірі – концепт болып табылатындығы анықталды. Сондай-ақ батырлықты ту еткен адам басқалардан өзгеше, оның бойынан ержүректік, қаһармандық, қорқынышын жеңген батыр болады. Ғалымдардың пікірінше, бойында осындай қасиеті бар адам жауыздықпен күресіп, әділдік үшін жанын беруге даяр. Б. Момышұлының батырлықты шындайтын мақал-мәтелдерді қолдануының өзі, мақал-мәтелдердің шығу уақытының әріден басталатындығын, яғни батырлық, ар, намыс халқымызбен бірге туған қасиеттер деуге болады. Тұлғалық бейненің сөз саптауындағы ұлттық ерекшелікті оның халқы, өскен ортасы, тәрбие көрген ұясы қалыптастырды. Сондықтан болашақта Б. Момышұлының тұлғалық даралығын танытар сөз саптауын әлі де зерттеуіміз қажет.

Біздің зерттеуіміз, Б. Момышұлының тарихтағы орнын анықтай түсуге көмектеседі. Батырлық пен қаһармандықтың үлгісін көрсетер күрделі тұлға, ғасырда біртуар азаматтың рухани танымын түсінуге жетелейді. Сондай-ақ зерттеу жұмысы негізіндегі Б. Момышұлы туралы қосымша деректер мен ақпараттарды әлеуметтік желіге орналастырып, жас ұрпаққа өткен тарихты түсіндіру қажет деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Аскольдов, С. А.** Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. – М., 1997. – С. 260–267
- 2 **Карасик, В. И.** Языковой круг: личность, концепты, дискурс Текст. – Волгоград : Изд-во Перемена, 2002. – 476 с.
- 3 **Ахметжанова, З.** Ұлттық концепция туралы очерк. – Алматы : Елтаным, 2012. –148-б.
- 4 **Абдрахманова, А. Е.** Көркем мәтіндегі концепт жүйесі // Қаз.аграр.унив. жаршысы. – 2015. – №1(84). – Б. 39–44.
- 5 **Пименева, М. В.** Типы концептов и этапы концептуального исследования // Вестник КемГУ. – 2013. – №2(54). – Т.2. – С 127–131.
- 6 **В.фон Гумбольдт.** Избранные труды по языкознанию. – Москва : Прогресс, 1984. – 396 с.
- 7 **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность. 7-е изд. – М. : Изд-во ЛКИ, 2010. – 264 с.
- 8 **Ожегов, С. И.** Толковый словарь русского языка / Под ред. проф. Л. И. Скворцова –28-е изд. Прераб. – М. : Мир и образование, 2014. – 1376 с.
- 9 **Алдашева, А.** Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 1992. – 143-б.
- 10 **Еспекова, Л.** Қазіргі қазақ тіліндегі окказионал сөздер: фил. ғыл. канд. дис.– Алматы, 1999.– 117-б.
- 11 **Воркачев, С. Г.** Культурный концепт и значение// Труды Кубанского государственного технического университета. Серия Гуманитарные науки.–2003. – Т.17. – С. 268–276.
- 12 **Әлкебаева, Д.** Мағжанның ойлау стилі:оқу құралы. – Алматы : Қазақ университеті, 2014. – 159 б.
- 13 **Заурбекова, Л. Ж.** Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2022.–139-б.
- 14 **Момышұлы, Б.** Қанмен жазылған кітап. /Ауд.:М.Қазыбек/ – Алматы : Полиграфкомбинат, 2010, – 336-б.

- 15 **Zeno E. Franco.** Banality of Heroism // Springer Nature Link. – 2024. – P. 106–108. – https://doi.org/10.1007/978-3-031-48129-1_171
- 16 **Eric R. Igou.** Meaning and Heroism // Springer Nature Link. – 2024. – P. 1302–1306. – https://doi.org/10.1007/978-3-031-48129-1_321
- 17 **Scott, T. Allison.** Descriptions of Heroism // Springer Nature Link. – 2023. – P. 1–30. – https://doi.org/10.1007/978-3-031-17125-3_102-1
- 18 **Brian R. Riches, Matt Langdon and Ari Kohen.** Ethical Concerns of Heroism Training // Ethical Concerns of Heroism Science. – 2020. – Iss.2. – Article 1 – <https://scholarship.richmond.edu/heroism-science/vol5/iss2/1>
- 19 **Zeno, E. Franco and Kathy Blau, Philip G. Zimbardo** Heroism: A Conceptual Analysis and Differentiation Between Heroic Action and Altruism // Review of General Psychology. – 2011. – Vol. 15. – No. 2. – P. 99–113. – <https://doi.org/10.1037/a0022672>
- 20 **Снегин, Д.** Арысым еді-ау, Бауыржан. – Алматы : Қазақстан баспасы, 2002. – 222-б.

REFERENCES

- 1 **Askol'dov, S. A.** Koncept i slovo [Concept and word] // Russkaya slovesnost'. Ot teorii slovesnosti k strukture teksta. Antologiya. – M., 1997. – P. 260–267
- 2 **Karasik, V. I.** Yazy`kovo`y krug: lichnost`, koncepty`, diskurs Tekst. [Linguistic circle: personality, concept, discourse Text.] – Volgograd : Izd-vo Peremena, 2002. – 476 p.
- 3 **Axmetzhanova, Z.** Ul'tyq koncepciya turaly` ocherk. [Essay on the national concept]. – Almaty` : Eltany`m, 2012. – 148 p.
- 4 **Abdrahmanova, A. E.** Korkem matindegi koncept zhujesi [Concept system in literary text] // Qaz.agrar.univ.zharshy`sy`. – 2015. – №1(84). – P. 39–44
- 5 **Pimeneva, M. V.** Tipy` konceptov i e`tapy` konceptual`nogo issledovaniya [Types of concepts and stages of conceptual research] // Vestnik KemGU. – 2013. – №2(54). – T.2. – P. 127–131.
- 6 **V. fon Gumbol`dt.** Izbranny`e trudy` po yazy`koznaniyu. [Selected works on linguistics]. – Moscow : Progress, 1984. – 396 p.
- 7 **Karaulov, Yu. N.** Russkij yazy`k i yazy`kovaya lichnost`. 7-e izd. [Russian language and language personality]. – Moscow : Izd-vo LKI, 2010. – 264 p.
- 8 **Ozhegov, S. I.** Tolkovy`j slovar` russkogo yazy`ka [Interpretive dictionary of Russian language] / Pod red. prof. L. I. Skvorczova –28-e izd. Prerab. – Moscow : Mir i obrazovanie, 2014. – 1376 p.
- 9 **Aldasheva, A.** Qazirgi qazaq adebi tilindegi zhana qoldany`star: [New uses in the modern Kazakh literary language] fil. gy`l. kand. diss. avtoref. – Almaty`, 1992. – 143 p.

10 **Espekova, L.** Qazirgi qazaq tilindegi okkazonal sozder:[Occasional words in modern Kazakh] fil. gy`l. kand. dis. – Almaty`, 1999. – 117 p.

11 **Vorkachev, S. G.** Kul`turny`j koncept i znachenie[Cultural concept and meaning] // Trudy` Kubanskogo goudarstvennogo texnicheskogo universiteta. Seriya Gumanitarny`e nauki. – 2003. – T.17. – P. 268–276.

12 **Alkebaeva, D.** Magzhanny`n ojlau stili: oqu quraly` [Magzhan`s thinking style] – Almaty` : Qazaq universiteti, 2014. – 159 p.

13 **Zaurbekova, L. Zh.** Korkem matindegi tildin funkcionaldy` pragmatikalıy` q aspektileri.[Functional pragmatic aspects of language in literary texts.] Filosofiya doktory` (PhD) darezhesin alu ushin dajy` ndalğan dissertaciya. – Almaty, 2022. – 139 p.

14 **Momysuly, B.** Qanmen zhazy` lgan kitap. [A book written in blood]/Aud.:M. Qazy`bek/ – Almaty : Poigrafkombinat, 2010. – 336 p.

15 **Zeno E. Franco.** Banality of Heroism // Springer Nature Link. –2024. – P. 106–108. – https://doi.org/10.1007/978-3-031-48129-1_171

16 **Eric R. Igou.** Meaning and Heroism // Springer Nature Link. –2024. – P. 1302–1306. – https://doi.org/10.1007/978-3-031-48129-1_321

17 **Scott T. Allison.** Descriptions of Heroism // Springer Nature Link. –2023. – P. 1–30. – https://doi.org/10.1007/978-3-031-17125-3_102-1

18 **Brian R. Riches, Matt Langdon and Ari Kohen.** Ethical Concerns of Heroism Training // Ethical Concerns of Heroism Science. –2020. – Iss.2. – Article 1. – <https://scholarship.richmond.edu/heroism-science/vol5/iss2/1>

19 **Zeno E. Franco and Kathy Blau, Philip G. Zimbardo** Heroism: A Conceptual Analysis and Differentiation Between Heroic Action and Altruism // Review of General Psychology. –2011. – Vol. 15. – No. 2. – P. 99–113. – <https://doi.org/10.1037/a0022672>

20 **Snegin, D.** Ary`sy`m edi-au, Bauy`rzhan [It was a lion, Baurzhan]. – Almaty: Qazaqstan baspası, 2002. –222 b

08.11.25 ж. баспаға түсті.

11.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. А. Түймебекова¹, А. Б. Салкынбай²*

^{1,2}Қазақский национальный университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 08.11.25.

Поступило с исправлениями 11.01.26.

Принято в печать 16.02.26.

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ В ОТНОШЕНИИ ПОНЯТИЯ «ГЕРОИЗМ»

В данной статье рассматривается формирование концепта «героизм» языковой личности в познании мира и когнитивной, культурной, концептуальной среды. Цель статьи – выявить репрезентацию творчества Б.Момышұлы по отношению к героизму и когнитивное познание человеком мира через понятие героизма. В статье раскрываются национальные, познавательные, культурные элементы мировоззрения автора в формировании концепта «героизм». Будет также проведен анализ научных, военных, психологических понятий, заложенных в творчестве Б. Момышұлы в определении языковой картины мира. Своеобразие статьи состоит в том, что личностное познание Б. Момышұлы, которое ранее не анализировалось, в данном труде анализируется с лингвистических позиций через национальный, культурный образ языковых единиц в художественном тексте.

Для определения возможности мышления Б. Момышұлы рассматривается взрослая среда, жизненный путь героя. Знание и реальность являются основной формой категоризации, которая дает информацию о мире. Концепт представлен в лингвокультурологии ментальным знанием, образным, ценностным, понятийным способом с национальной окраской. Было замечено, что все понятия обозначаются существительными.

Рассматриваемая концепция «героизма» дается героической лексемой, требующей от человека духовных и физических сил, демонстрирующей мужество и отвагу. В результате исследования выявлены языковые когнитивно-ассоциативные и когнитивно-эстетические прагматилистические интенции Б. Момышұлы. В заключении исследования мы нашли в словосочетании колорит, характер, индивидуальность в создании языковой картины собственного мира героя.

Концепт «героизм» сравнивается с подобным понятием в исследованиях отечественных и зарубежных ученых, а также концепт «героизм» в творчестве Б. Момышұлы доказывается как сущность и идеал нашего народа.

Ключевые слова: концепт, личность, героизм, интенция, репрезентация, познавательность, геитальт, фрейм.

**A. A. Tuimebekova*¹, *A. B. Salkynbai*²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 08.11.25.

Received in revised form 11.01.26.

Accepted for publication 16.02.26.

THE REPRESENTATION OF LINGUISTIC PERSONA «HEROISM»

The formation of the «heroism» concept from a cognitive, cultural, conceptual environment of the world's knowledge by a linguistic persona is examined in the article. The aim of the article is to determine the person's knowledge of the world in the cognitive way by the representation of B. Momyshuly's work in relation to heroism, and through the concept of heroism.

The article reveals national, cognitive, cultural elements in the author's worldview in the formation of the «heroism» concept. The scientific, military, psychological concepts inherent in B. Momyshuly's work also will be analyzed. The peculiarity of the article is that B. Momyshuly's previously unanalyzed personal knowledge is linguistically analyzed through the national, cultural image of linguistic units in an artistic text. The environment in which B. Momyshuly grew up, his life path is considered in order to determine his special mental capabilities.

The knowledge and reality are the main form of categorization that gives information about the world. The concept is presented in linguoculturism in a linguistic way that has mental knowledge, pictorial, value, conceptual significance with a national coloring. It was noted that all concepts are given with nouns. The investigated concept of «heroism» is accompanied by a heroic token that requires spiritual and physical strength from a person, showing courage and bravery.

As a result of the study, B. Momyshuly's linguistic cognitive-associative and cognitive-aesthetic, pragmatilistic intentions were identified. Concluding the study, we found the national motive, character, individuality inherent in the individual, in the phrase in creating the linguistic image of Batyr's own world. The concept of «heroism» is compared with the studies of domestic and foreign scientists, and the concept of «heroism» in the work of B. Momyshuly is confirmed by the meaning and idea of our people.

Keywords: concept, personality, heroism, intention, representation, cognition, gestalt, frame

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz